

Тобы	Кіші«Балдырған» топқа арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы	ҚАРАША // 2021-2022									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	3	Қатынас	1	Таным	2	Шығармашылық	3	Әлеумет	-
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	0,5	Сенсорика	0,5	Музыка	1,5		-
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Сурет салу	1		-
					Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		-
							Мүсіндеу	0,25		-
Жомарт күз / Щедрая осень/ Generous autumn // (1-апта)										
Мақсаты. Балаларға күзде жеміс пен көкөністерден басқа, саңырауқұлақ, жаңғақ бар екендігі туралы түсіндіру; табиғат құбылыстарын бақылап, эмоционалды жауаптар беруге ынталандыру.										
Оқу қызметінің түрі,	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Домалайды алмалар".		Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Балапан". Мақсаты: балаларды		Сенсорика. Тақырыбы: "Үлкен және кішкентай		Музыка. Тақырыбы: "Жайсаң күз".			

тақырыбы, мақсаты.	Мақсаты: балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуына үйрету; жаттығуларды ынтамен жасауға қызығушылық қабілеттерін арттыру.	ойыншық балапанның дене мүшелерімен таныстырып, оларды атауға үйрету; тақпақты педагогтің оқу мәнеріне еліктеп айтуға балаларды баулу; үй құстарының бірі балапанның тіршілігі туралы жалпы түсінік беру; ой-өрісін, тілін дамыту; үй құстарына деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.	үйшіктер". Мақсаты: балаларды заттардың көлемін және түсін сәйкестендіріп, ажыратуға үйрету; үшбұрыш, дөңгелек, шаршы пішіндерін қолданып, үйшіктерді құрастыруға жаттықтыру; үй жануарлары және олардың төлдері жөнінде түсініктерді пысықтау; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Мақсаты: балалардың музыканы тыңдап, ырғақты қимылдар арқылы эмоционалды жауап қайтару қабілетін қалыптастыру; әнге ілесе айтуға және сипатын ажырата білуге үйрету; жомарт күздің жалпы мағынасын түсіндіру; әдемілікті қабылдай білуге тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Күнге ұқсаймыз". Мақсаты: балалардың допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуын орындай білу қабілетін пысықтау; зейінді, көзбен дәлдеу		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жемістер мен көкөністер". Мақсаты: балаларды жемістер мен көкөністердің бірнешеуін атауға, сыртқы сипатына қарап, ажыратуға үйрету; көгөніс	Сурет салу. Тақырыбы: "Күн". Мақсаты: балаларға түсі сары бормен қағаз бетінің ортасына дөңгелек тәрізді пішінді салу техникасын игерту; дөңгелек пішіні айналасына жан-жаққа	

	қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.		түрлерінің бақшада, жемістердің бау-бақшада өсетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың тілін, ой-өрісін дамыту; адамның еңбегін қадірлеу негіздерін салу.	созылған түзу сызықтарды салып, суретті "күн" деп атауға үйрету; сурет салуда жағымды эмоциялық сезімдерге бөленуге машықтау.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Домалатайық қане біз". Мақсаты: балаларды допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалатуға дағдыландыру; жаттығуларды сөздік нұсқамаларды тыңдап, жаттығуларды орындауға үйрету; зейінді, көзбен дәлдеу қабілетін дамыту.			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Тиінге жаңғақ". Мақсаты: балаларға сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда дөңгелектеп илеу техникасын игерту; мүсінделіп шыққан шар тәрізді денені "жаңғақ" деп атауға үйрету; аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылықтарын ояту.	
Көлік/ Транспорт/ Transports // (2-апта)					

Мақсаты. Балаларға көліктер туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру; көліктердің ерекше қимылдайтынын, дыбыс шығаратынын байқату.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көліктегі жемістер". Мақсаты: балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыруға үйрету; ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Паровоз". Мақсаты: балаларға Қ. Мырзалиевтің "Паровоз" өлеңі үзіндісімен таныстыруда паровоз көлігінің дыбысын айтқызып, дыбыстық тіл мәдениетін қалыптастыру; шығарма мазмұнын түсініп, сұрақтарға қарапайым жауаптар қайтаруға машықтау; тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; көркем сөзге деген қызығушылықтарын ояту; ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Жүк машинасы жолы". Мақсаты: балаларға кірпіштерді жазықтыққа жатқызып, бір-біріне тізбектеп қосу арқылы "жүк машинасы жолын" құрастыру техникасын игерту; өзі жасаған еңбек нәтижесінен эмоциялық әсер алу қабілетін қалыптастыру; машинаның жүруіне жолдың қажеті туралы түсінік беру; тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Пойыз". Мақсаты: балалардың әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін дамыту; музыка әлеміне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Доптарды		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жүргізуші	Музыка. Тақырыбы: "Көліктер	

	лақтырайық". Мақсаты: балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыруға дағдыландыру; көзбен дәлдеу қабілетін дамыту, қол, арқа бұлшықеттерін жетілдіру.		әрекетін бақылау". Мақсаты: балаларды жүргізушінің әрекетіндегі қимылдарды бақылауға үйрету; жүргізушінің еңбегі туралы жалпы түсінік беру; қоршаған ортадағы таныс объектілерге деген зеректігін, танымын, эмоциялық қабылдауын дамыту; достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	әні". Мақсаты: балаларды көліктер жайында әнді тыңдап, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін жетілдіру; музыка әлеміне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жоғарыға допты лақтырайық". Мақсаты: балалардың допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыра білу қабілетін жетілдіру; ойындарда зерек, шымыр, ұйымшыл болуға			Сурет салу. Тақырыбы: "Пойыз келе жатыр". Мақсаты: балаларға қылқаламмен біркелкі қимылдармен жақпаларды қатарға салу техникасын игерту; вагон тәріздес пішінге салынған жақпалар қатарын	

	баулу.			"пойыз терезелері" деп тануға үйрету; шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
Жабайы табиғат әлемі/ Мир дикой природы/ World Wide Fund for Nature // (3-апта)					
Мақсаты. Балаларда жабайы табиғат туралы қарапайым ұғымдар қалыптастыру; жабайы аңдардың тіршілігін бақылап, қызығушылықтар тудыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Жарысайық, аюмен!" Мақсаты: балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру әдісіне үйрету; жүру икемділігін қалыптастыру; дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Көжек". Мақсаты: балаларды көжек ойыншығын қолданып, қарапайым ойында оның қимылын бейнелеп, тапқакты жатқа айтуға дағдыландыру; көжектің тіршілігі жөнінде ұғым беру; тілін, есте сақтау мен эмоцияны таныту қабілеттерін дамыту; қамқоршы бола білуге тәрбиелеу.	Сенсорика. Тақырыбы: "Көліктегі аңдар". Мақсаты: балаларға заттарды және олардың бөлшектерін шамалары бойынша сәйкестендіру амалдарын көрсету; геометриялық пішіндерді (дөңгелекті, шаршыны, үшбұрышты) ажырату біліктерін қалыптастыру; қоршаған табиғат әлеміне әуестенушілігін ояту.	Музыка. Тақырыбы: "Кірпі". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; ән айтуда және музыкалық-ырғақтық қимылдарды орындауда есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту; музыкалық-эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.	

	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көпірден құлап кетпейік". Мақсаты: балаларда екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Тиін". Мақсаты: балаларды тірі табиғат объектісі тиіннің тіршілігін бақылауға үйрету; тиіннің қорегі мен қимылдау ерекшеліктері туралы түсініктер беру; қабылдау қабілетін, тілін, зейінін дамыту; жабайы аңдарға деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру.	Сурет салу. Тақырыбы: "Кірпі". Мақсаты: балаларды доғалы сызық бойына тіке қысқа сызықтарды ("инелерді") қарындашпен белгілі ырғақпен салу техникасын игерту; суретті "кірпі" деп атауға үйрету; кірпі туралы жалпы түсініктері беру; табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тура бағытта жүреміз". Мақсаты: балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүреге білуге			Жапсыру. Тақырыбы: "Қонжықтың сылдырмақтары". Мақсаты: балаларға домалақ және сопақша пішіндерінен тұратын қонжықтың	

	жаттықтыру; бір-біріне соғылмай, арақашықтықты сақтауға дағдыландыру; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.			сылдырмақтарының бейнесін жапсыруды үйрету; сылдырмақты қағаз бетіне тіке орналастыруға бейімдеу; желімдеу және майлықты қолдану техникасын қалыптастыру; қонжықтың жүрісіне деген қызығушылықты арттыру.	
Ғажайыптар әлемінде/ В мире сказок // The World of Fairy Tails (4-апта)					
Мақсаты. Балаларды ертегілер әлімімен таныстыру; ертегі желілерінде болатын оқиғаларға эмоционалды жауаптар қайтаруға ынталандыру.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қасқырдан ептіміз". Мақсаты: балаларды сап түзеп жүгіріп, биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өтуге үйрету; педагогтің нұсқауларына көңіл аударып, жаттығуларды	Көркем әдебиет. Тақырыбы: ""Бауырсақ" ертегісі". Мақсаты: балаларды «Бауырсақ» ертегісі желісімен таныстыру; ертегі кейіпкерлерінің сөздерін қайталатуға машықтау, олардың қимыл-қозғалыстарына еліктеуге үйрету; тілін,	Құрастыру. Тақырыбы: "Ақтөс күшіктің үйшігі". Мақсаты: балаларды кірпіштерді көлденең, призманы үстінен қойып, күшікке үйшікті құрастыруды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін дамыту; үй	Музыка. Тақырыбы: "Ормандағы бауырсақ". Мақсаты: балалардың мюзикл музыкасын тыңдап, кейіпкердің ерекшелігін түсіне білуге үйрету; мюзикл шығармасындағы кейіпкерлерді музыка сипатына сай ажырата	

	ептілікпен орындауға баулу; төзімділікке, достыққа тәрбиелеу.	есте сақтауын дамыту; ертегі желісі бойынша эмоционалды қатынасқа түсе білу қабілетіне тәрбиелеу.	жануарларына қамқорлыққа тәрбиелеу; өзінің еңбек нәтижесіне қуана білу әдетін қалыптастыру.	білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін дамыту; жаңа музыка жанрына қызығушылық сезімін білдіруге тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қасқыр мен қоян". Мақсаты: балаларды биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өтуге дағдыландыру; сөздік нұсқауларға көңіл аударып, жаттығуларды ептілікпен орындауға баулу; төзімділікке тәрбиелеу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ит пен күшік". Мақсаты: балаларды "Ит пен күшік" суретімен таныстыру; кейіпкерлерді суреттің жазықтығында тауып алып, атай білуге үйрету; ит пен күшік туралы жалпы түсініктер қалыптастыру; үй жануарларына қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: ""Бауырсақ" ертегісін сомдайық". Мақсаты: балаларды музыка арқылы әйгілі ертегі кейіпкерінің ерекшелігін түсіне білуге ынталандыру; музыка сипатына сай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін жетілідіру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз ептіміз". Мақсаты: балалардың			Сурет салу. Тақырыбы: "Бауырсақ қашты қояннан". Мақсаты: балаларға	

	өздікпен сап түзеп жүріп, жүгіріп және биіктігі 50 см жіптің астынан еңбектеп өте білу қабілеттерін жетілдіру; жаттығуларды қызығушылықпен орындауға ынталандыру; достыққа тәрбиелеу.			пішіні дөңгелек тәріздес бауырсақ бейнесін қоян бейнесінің жанына қылқаламмен салу амалына үйрету; "Бауырсақ" ертегісі мазмұнын пысықтау; сары түсті ажырату білігін арттыру; ертегілер әлеміне деген қызығушылығын арттыру.	
--	---	--	--	---	--